

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ҮШ ЖЫЛДЫҚ
БЮДЖЕТТІК ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ПАРАМЕТРЛЕРІН БАҒАЛАУ**

**ASSESSMENT OF PARAMETERS OF THREE-YEAR BUDGET FINANCING OF
AGRICULTURE IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

**ОЦЕНКА ПАРАМЕТРОВ ТРЕХЛЕТНЕГО БЮДЖЕТНОГО ФИНАНСИРОВАНИЯ
СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

Б.С. УТИБАЕВ*

Э.Ф.К.

*С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Астана, Қазақстан
автордың электрондық поштасы: ubs_51@mail.ru

B.S. UTIBAYEV*

C.E.Sc.

*S.Seifullin Kazakh Agro Technical University, Astana, Kazakhstan
corresponding author e-mail: ubs_51@mail.ru

Б.С. УТИБАЕВ*

К.Э.Н.

*Казахский агротехнический университет им. С. Сейфуллина, Астана, Казахстан
электронная почта автора: ubs_51@mail.ru

Аңдатпа. *Мақсаты* – елдің әлеуметтік-экономикалық даму болжамының деректері негізінде қалыптастырылған Қазақстан Республикасының 2023-2025 жылдарға арналған бекітілген бюджетінің болжамды параметрлерінің қаржыландыруға жататын ауыл шаруашылығы өндірісін жаңарту көлемдерімен және бағыттарымен өзара байланысын анықтау. *Әдістері* – республикалық бюджет деректері бойынша динамиканың есептік деңгейлерін және мемлекеттік бағдарламаларға арналған бюджет қаражаты есебінен бөлінетін қаржы мөлшері туралы ақпаратты салыстыру. *Нәтижелері* – үш жылдық мемлекеттік бюджеттің болжамды көрсеткіштері зерделенді және агроөнеркәсіптік кешенге, атап айтқанда аграрлық секторға берілген бюджеттік ақшаға баға берілген. Бюджеттік басқаруды және салық түсімдерінің негізгі түрлерін жүзеге асыру үшін кірістерді қалыптастыру процесінде оларды кейіннен функционалдық топтар бойынша шығын бөлігінің сомаларымен салыстыра отырып орын алатын динамикалық өзгерістер айқындалған. Мемлекет бюджеті шығыстарының сабақтас-тығы мен әлеуметтік бағдарлануы байқалады. Зерттеу нәтижелері Қазақстан Республикасының 2023-2025 жылдарға арналған бюджетінде АӨК-ті дамыту бағдарламасын, оның ішінде ауыл шаруашылығы саласын қаржыландыруға бағытталған бюджет қаражатымен шығындар сыныптамасының жеткілікті тығыз байланысы динамикада байқалатындығына қысқартылады. *Қортындылар* – мемлекеттік ресурстарды бөлу мен бюджеттік кредиттеудің шамасын, құрылымын, үрдістерін егжей-тегжейлі салыстыру негізінде қаржыландыру шамасын бір мезгілде төмендете отырып, бюджет қаражатының мөлшерін қысқарту агроөнеркәсіптік өндірістің жалпы өнімінің өсуіне емес, көлемінің азаюына әкелетіні талқыланған. Ауыл шаруашылығына бюджеттік инвестициялар қазіргі жағдайда ажырамаc бөлігі болып табылады, оның көмегімен елдің агроөнеркәсіптік кешенінің қаржылық тұрақтылығына қол жеткізіледі.

Abstract. *The goal* is to identify the relationship between the forecast parameters of the approved budget of the Republic of Kazakhstan for 2023-2025, which is formed on the basis of the data of the Forecast of socio-economic development of the country, with the volumes and directions of renewal of agricultural production to be financed. *Methods* – comparison of calculated levels of dynamics according to the republican budget and information on the amount of allocated finance from budgetary funds intended for state programs. *Results* – the forecast indicators of the three-year state budget were studied and assessment of the budget money provided to agro-industrial complex, in particular agricultural sector was conducted. The dynamic changes that take place in the process of generating income for the implementation of budgetary management and main

types of tax revenues are determined, followed by their comparison with the amounts of cost part by functional groups. The continuity and social orientation of state budget expenditures are noted. The results of the study show that in the dynamics of the budget of the Republic of Kazakhstan for 2023-2025 there is a fairly close relationship between classification of costs and budget funds aimed at financing the development program for the AIC, including agricultural sector. **Conclusions** – on the basis of a detailed comparison of the size, structure, trends in distribution of public resources and budget lending, it is substantiated that reduction in the size of budget allocations with simultaneous decrease in the amount of financing will lead not to the increase, but to the decrease in the gross output of agro-industrial production. Budget investments in agriculture are the integral part in modern conditions, with the help of which the financial stability of the country's agro-industrial complex is achieved.

Аннотация. Цель – выявить взаимосвязь прогнозных параметров утвержденного бюджета Республики Казахстан на 2023-2025 годы, сформированного на основе данных Прогноза социально-экономического развития страны, с подлежащими финансированию объемами и направлениями обновления сельскохозяйственного производства. **Методы** – сравнения расчетных уровней динамики по данным республиканского бюджета и информации о размерах выделяемых финансов за счет бюджетных средств, предназначенных для государственных программ. **Результаты** – изучены прогнозные показатели трехлетнего госбюджета и дана оценка предоставленных бюджетных денег в агропромышленный комплекс, в частности аграрный сектор. Определены динамические изменения, имеющие место в процессе формирования доходов для осуществления бюджетного управления и основных видов налоговых поступлений с последующим их сопоставлением с суммами затратной части по функциональным группам. Отмечается преемственность и социальная ориентированность расходов бюджета государства. Результаты изучения сводятся к тому, что в бюджете Республики Казахстан на 2023-2025 годы в динамике прослеживается достаточно тесная связь классификации затрат с бюджетными средствами, направленными на финансирование программы развития АПК, в том числе в сельскохозяйственной отрасли. **Выводы** – на основе детального сравнения величины, структуры, тенденций распределения государственных ресурсов и бюджетного кредитования обосновано, что сокращение размеров бюджетных ассигнований с одновременным снижением величины финансирования приведет не к росту, а уменьшению объемов валовой продукции агропромышленного производства. Бюджетные инвестиции в сельское хозяйство являются неотъемлемой частью в современных условиях, с помощью которых достигается финансовая устойчивость агропромышленного комплекса страны.

Түйінді сөздер: ауыл шаруашылығы, республикалық бюджет, салықтық түсімдер, шығындар, бюджет тапшылығы, трансферттер, бюджеттік кредиттер, кірістер, шығыстар, таза бюджеттік кредиттеу, қаржыландыру.

Key words: agriculture, republican budget, tax revenues, costs, budget deficit, transfers, budget loans, revenues, expenditures, net budget lending, financing.

Ключевые слова: сельское хозяйство, республиканский бюджет, налоговые поступления, затраты, бюджетный дефицит, трансферты, бюджетные кредиты, доходы, расходы, чистое бюджетное кредитование, финансирование.

Кіріспе. АӨК біздің аграрлық елде қашанда болса экономиканың басымды саласы болады. Сол себептен, мемлекеттік қаржылық қолдаудың қайнар көзі болатын бюджет параметрлерінің болжамдық деңгейлерін анықтап, олардың қолдану бағыттарын зерттеуді мақсат етіп қоя білу дұрыс шешім боларында сөз жоқ. Бәрімізге мәлім, республикада АӨК-нін дамыту мәселелерін шешу мақсатында арнайы бағдарламалар дайындалып, іске асыруы қолға алынған. Осы мәселелерді қарастыру үлкен ғылыми және практикалық қызығушылық тудырып отыр.

Бұл мақалада біз аталмыш мәселені сәл басқаша қояйық деп отырмыз. Атап айтсақ, бұл арада мынадай сауалға жауап табу қажет. Егер ауыл шаруашылығы саласын дамыту бағдарламаларының қайнар көзі болып республиканың 2023-2025 жылдарға арналған қазірдің өзінде бекітілген бюджетінің болжамды сомалары болса, онда олардың арақатынасы негізінде мемлекеттік қаржылық қолдаудың тиімділігі қандай деңгейде болмақ?

Әдебиеттерге жасалған шолу нәтижесінде мынадай пікірлерді анықтауға болады. Біріншіден, бюджет кірістерін пайдала-

ну тиімділігін арттыру мәселелері, экономиканың басым секторларын қаржыландыру бағыттары және шығындарды бөлу мәселелері кейбір отандық және шетелдік ғалымдар мен мамандардың еңбектерінде зерттелген [1,2]. Екіншіден, авторлардың басқа бір бөлегі өз еңбектерінде шығындарды қаржыландыруда бағдарламалық-мақсатты жоспарлау механизмін қолдану қажеттілігіне көңіл бөледі [3,4].

Бірақ, сонымен бірге, барлық көзқарастар бойынша ортақ нәрсе, яғни жалпы пікір болып ауыл шаруашылығын дамытудың барлық мемлекеттік бағдарламаларында қаржыландыру көздері ретінде тек бюджеттен қолдау табылуы делінген.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеудің әдіснамалық негізі болып ауыл шаруашылық өндірісінің өсуі мен ауылдағы кедейшіліктің азаюы ғылыми ауыл шаруашылық зерттеулеріне, білім беру мен инфрақұрылымды дамытуға бөлінетін қаржының қаншалықты ұлғаюына байланысты екенін негіздейтін бірқатар ғалымдардың еңбектері табылады [5,6]. Сондай-ақ, бірінші кезектегі мемлекеттік бағдарламаларды қаржыландыру жүйесін және ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді тікелей мемлекеттік қолдауды негіздеу әдістемесін жетілдіру мәселелерін талқылайтын жеке-леген ғалымдардың [7,8] еңбектерін атап өткен жөн.

Тәжірибелік тұрғыдан алғанда, бюджет түсімдерін, салық түсімдері мен трансферттің, оның ішінде Ұлттық қордан түсетін трансферттердің, сондай-ақ функционалдық топтар бойынша бюджет шығыстары-

ның динамикасының болжамды деректерін зерделеу қажеттілігі әдістемелік тұрғыдан аталмыш көрсеткіштердің агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың бекітілген бағдарламаларын іске асырудағы өзара байланысын дұрыс бағалау мүмкіндігінде жатыр [9].

2023-2025 жылдарға арналған республикалық бюджеттің болжамдық көрсеткіштерін зерттеу материалы ретінде зерттеу барысында динамикалық көрсеткіштерді есептеу және салыстыру әдістерін қолдану осы зерттеу әдістемесінің негізі болды [10]. Мақалада қойылған мәселелерді шешу үшін біз диаграммалар мен кестелер түрінде нәтижелерді көрсету арқылы салыстырмалы талдау әдістерін де қолдандық.

Нәтижелер және оларды талқылау. Үш жылдық республикалық бюджеттің параметрлері еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму болжамының деректері негізінде әзірленгенін бірден атап өту қажет [11]. Функционалдық топтар бойынша шығындарды қаржыландырудың көлемдері мен бағыттарын қарастырмастан бұрын, республиканың үш жылдық бюджеті көрсеткіштерінің болжамды өзгерістеріне баға беру дұрыс болар деп есептейміз. Өйткені бұл жерде біз қандай да бір бағдарламаны немесе кез келген жобаны іске асыру көп жағдайда бюджеттік ресурстарды қалыптастырумен және бөлумен байланысты деп санаймыз [12,13].

Енді 1 кестеде келтірілген 2023-2025 жылдарға арналған үш жылдық республикалық бюджеттің кірістері мен шығындарының болжамды деректеріне көңіл аударайық.

1 кесте – Бекітілген үш жылдық республикалық бюджеттің негізгі параметрлері, млн теңге

Атаулары	2023ж.	2024ж.	2025ж.	Тізбекті өзгеру қарқыны, %	
				2024ж.	2025ж.
Кірістер	17 543 276,1	17 889 080,9	18 707 647,7	102,0	104,6
оның ішінде:					
салықтық түсімдер	13 559 036,3	14 724 849,1	16 001 917,6	108,6	108,7
салықтық емес түсімдер	351 081,2	291 232,1	298 761,1	82,9	102,6
негізгі капитал сатудан түсімдер	1 248,4	3 498,7	2 776,8	в 2,8 раза	79,4
трансферттердің түсімдері	3 631 910,2	2 869 501,0	2 404 192,2	79,0	83,8
Шығындар	20 578 663,3	21 390 090,9	22 419 789,2	103,9	104,8
Таза бюджеттік несиелеу	25 878,1	-11 992,2	-27 531,6	-	в 2,3 раза
Қаржы активтер операциялары бойынша сальдо	138 734,6	142,2	142,2	0,1	-
Тапшылық	3 200 000,0	3 489 160,0	3 684 752,0	109,0	105,6

1 кестеде келтірілген болжамды деректер бойынша бюджет кірістері шамалы болса да, тұрақты өсімге ие екенін көруге болады. Бюджет кірістерінің негізгі көздері болып ең үлкен абсолютті сомаларды қамтамасыз ететін салықтық түсімдер мен трансферттер табылады. Осылайша, салық түсімдерінің өсуі жыл сайын 8,6%-8,7% шегінде болжануда, ал Ұлттық қорды пайдалану тұжырымдамасында көзделген трансферттер мөлшері жылдан-жылға тиісінше 21,0% және 16,2% қысқарады.

Алайда, алдағы үш жылдағы трансферттердің көлемі орта есеппен 3 трлн. теңгені құрайтыны жоспарланып отыр. Оның 80%-ға жуығы Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан аударылатын трансферттер. Яғни, бюджетті қалыптастырудың салықтардан кейінгі екінші көзі ретінде трансферттердің айқын рөлі көрінеді [қараңыз 4]. Салыстыру ретінде үш жылдық бюджеттің салық түсімдері оның барлық түсімдерінің 78%-85%-ын құрайтыны жоспарланып отырғанын атап өтейік.

Жоғарыдағы 1 кестеден көріп отырғанымыздай, бюджет шығындарының болжамдық мәні оның кіріс бөлігінен айтарлықтай асып түседі. Үш жылдық бюджеттің болжамдық мәліметтерін талдау негізінде әлеуметтік саланы қаржыландыруға бағытталған шығындар өткен жылдардағыдай басым екенін көруге болады. Атап айтқанда, 2023 жылы осы шығындардың барлық бюджет шығындарының 22,5%, 2024 жылы – 23,6% және 2025 жылы – 24,1%-ға тең үлестері жоспарлануда. Бір сөзбен айтқанда, республикалық бюджеттің әлеуметтік бағыты жылдан-жылға сақталуда.

Денсаулық сақтау, қарыздар бойынша қызмет көрсету, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздік, қорғаныс, көлік және коммуникация, білім беру сияқты функционалдық топтардың шығындарын, сондай-ақ басқа да мемлекеттік шығындарды қаржыландыруға да жеткілікті көлемде қаражат қарастырылуда.

Елдің үш жылдық бюджетіндегі шығындарды қаржыландыру бойынша жалпы оң болжамдарды атап өте отырып, «Ауыл шаруашылығы және онымен байланысты салалар» атты функционалдық тобында көзделген бюджет шығындарының болжамдық көлемін біршама егжей-тегжейлі зерделеу нәтижесінде 2025 жылға қарай осы функционалдық топ бойынша қаржыландыру шығындары көлемінің түсінбеушілік тудыратын төмендеуі байқалады. Егер 2023 жылы бұл топқа 221 334,1 млн теңге бөлу жоспарланса, 2025 жылы қаржыландыру көлемі не бары 20 2059,7 млн теңгені құрайды немесе 10 пайызға дерлік азайғаны байқалады.

Бұл ретте ауыл шаруашылығын қаржыландыру үлесі республикалық бюджеттің барлық шығындары деңгейінің 0,9%-1%-ын ғана құрайтыны бәрімізге мәлім. Мұндай деңгей, біздің ойымызша, агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында көзделген мақсаттарға, міндеттерге және бағыттарға сәйкес келмейді [14,15].

Аграрлық сала бойынша бюджеттік бағдарламаларды қаржыландыру көлемінің өзгеруі де ерекше қызығушылық тудырады (2 кесте).

2 кесте – Бюджеттік бағдарламаларды қаржыландыру көлемдері, млрд. теңге

	Ауыл шаруашылығы саласы бойынша бюджеттік бағдарламалардың атаулары	2023ж.	2024ж.	2025ж.
001	Ауыл шаруашылығы және жерді пайдалану саласындағы жоспарлау, реттеу, басқару қызметтері	28,6	29,4	28,9
249	Мал шаруашылығын дамытуға, мал өнімдерін өндіру мен өткізу үшін жағдай жасау	32,2	33,7	33,9
250	Қаржылық қызметтердің қолжетімділігін арттыру	2,5	-	-
255	Өсімдік шаруашылығының өнімдерін өндіру мен өткізу үшін жағдай жасау	14,9	15,4	16,4
259	Жер ресурстары жөніндегі ақпараттың қолжетімділігін арттыру	11,6	11,7	10,6
267	Білім мен ғылыми зерттеулерінің қолжетімділігін арттыру	8,3	9,4	9,4
	Барлығы	98,1	99,6	99,2
Ескерту: [қараңыз 10] негізінде құрастырылған				

Жалпы, 2 кестедегі мәліметтерден көріп отырғанымыздай, аграрлық сектордағы бюджеттік бағдарламаларды қаржыландыру болжамы бойынша үш жылға орта есеппен

98,9 млрд. теңге бағыттанып отыр. Жеке бағдарламалар тұрғысында 249 бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру 2023 жылғы 32,2 млрд.теңгеден 2025 жылы 33,9


млрд. теңгеге дейін немесе 5,3%-ға ұлғайғанын атап өткен жөн. Сондай-ақ, 255 бюджеттік бағдарламаны қаржыландыруды 10,1%-ға (тиісінше 14,9 млрд. теңгеден 15,4 млрд. теңгеге дейін) арттыру қарастырылған.

2024 және 2025 жылдары білім мен ғылыми зерттеулердің қолжетімділігін арттыруға қаражаттың ұлғаюы қарастырылған, бұл ғылыми зерттеулердің дамуына үміт тудырады. Ерекше атап өтетін бір жайт – ол өткен үш жылдық кезеңмен салыстырғанда ауыл шаруашылығын дамытудың

бюджеттік бағдарламаларын (249 және 255 бағдарламалар) қаржыландыруды ұлғайтуы алғаш рет қарастырылғаны.

Сонымен қатар, талдау көрсеткендей, аграрлық секторды бюджеттік несиелендірудің айтарлықтай қысқаруы да болжануда, дегенмен олардың құны берілген несиелердің жалпы көлемінің 90% дерлік құрайды.

Төменгі суретте алдағы үш жылдағы ауыл шаруашылығын қаржыландыру және несиелендіру көлемі көрсетілген.



Ескерту: [қараңыз 10] негізінде құрастырылған

Сурет – Ауыл шаруашылығын қаржыландыру мен несиелендіру көлемдері, млрд. теңге

Мәселен, 2023 жылы саланы несиелендіруге 192,4 млрд. теңге бөлу жоспарлануда, 2024 жылы ауыл шаруашылығын несиелендіру 182,9 млрд. теңгеге дейін немесе 5%-ға, ал 2025 жылы несиелер құны 2024 жылға қарағанда 8,8%-ға азайып, 161,6 млрд. теңгені құрайды деп болжануда. Біздің ойымызша, аталмыш саланы бюджеттік несиелендірудің көлемі мен үлесін осылайша қысқарту, сайып келгенде, ауыл шаруашылығының жалпы өнімін ұлғайтуға және оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға әкеле алмайды.

Қорытынды

1. Бекітілген республикалық бюджеттің негізгі болжамды көрсеткіштерін талдау 2023-2025 жылдарға арналған бюджет шығындарының өзгеру қарқыны оның кірістерінің өзгеру қарқынына сәйкес келетінін, сондай-ақ олардың өсу қарқыны ЖІӨ-нің номиналды құнының өсу қарқынынан аспауын атап өтуге болады (1 кесте). Бұл шартты сақтау бюджет тапшылығын қолайлы шектерде (ЖІӨ-не шаққандағы үлесі 2,7%) ұстап тұруға мүмкіндік береді. Бекітілген үш жылдық бюджет әлеуметтік бағыты және, сонымен бірге, мемлекеттік

және салалық бағдарламаларды жүзеге асыруға бағытталған деп есептейміз.

2. 2023-2025 жылдарға арналған бекітілген республикалық бюджет шығындарының 22%-23% үлесі әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыруға арналған. Ал, бұл ретте, ауыл шаруашылығын және онымен байланысты салаларды қаржыландыру үлесі не бары 0,9%-1%-ды, сондай-ақ мұндай шығындар сомасы мемлекеттік басқару аппаратын ұстауға арналған шығыстарды қаржыландырудың 24%-ын ғана құрайды.

3. Мемлекеттің экономикалық саясатының негізгі мақсаты экономиканың, оның ішінде аграрлық сектордың тұрақты өсу қарқынына қол жеткізу болғандықтан, біз оны қаржыландыру үлесін кейінгі жылдарда, кем дегенде, 2020 жылғы деңгейде ұстап тұруды мақсатқа сай деп санаймыз, сол жылы бұл үлесі 2,2% құраған.

4. Сондай-ақ ауыл шаруашылығын бюджеттік несиелендіру көлемін қысқартпау қажет, бұл басқалармен тең жағдайда ауыл шаруашылығы өндірісінің өсуін қамтамасыз етеді.

Жоғарыда айтылғандардың барлығы, егер мемлекет халықты да, ел бизнесін де әлеуметтік қолдауға қабілетті және ағым-

дағы жағдайға жеткілікті барабар экономикалық саясатты әзірлеген жағдайда жүзеге асады деп санаймыз.

Әдебиеттер тізімі

[1] Искаков, У.М. Проблемы бюджетной политики Казахстана и пути их решения / У.М. Искаков // *Centa1 Asian Economic Review*. – 2018. - №3. - С. 52-60.

[2] Рахметова, А. Финансово-кредитный и инновационный секторы экономики: оценка макроэкономических эффектов регулирования и взаимодействия секторов / А. Рахметова, Г. Калкабаева, А. Курманалина, Г. Серикова, Б. Аймурзина // Проблемы предпринимательства и устойчивого развития. – 2020. - №8 (1). - С. 1224–1237.

[3] Сигарев, М.И. Кредитование сельскохозяйственного производства в Казахстане / М.И. Сигарев, Ш.М. Кантарбаева, З.З. Мейманкулова, Д.Е. Шахова-Ахмешова // *Life Science Journal*. - 2014. - 11(9). - С. 299–302.

[4] Утибаев, Б.С. Оценка показателей республиканского бюджета на 2017-2019 годы и финансирование государственных программ развития / Б.С. Утибаев, А.К. Жусупова, Р.М. Жунусова, Г.Б. Утибаева // *Central Asian Economic Review*. - 2018. - №4. - С. 102-113.

[5] Kuchukova N. The financial aspects of the third economic modernization in Kazakhstan / N. Kuchukova, G. Kerimbek, B. Saparova, A. Zhussupova // *Journal of Social Sciences Research*. - 2018. – Vol. 4. – N.12. - P. 483-490.

[6] Balisacan, A. Ujjayant Chakraborty Majah-Leah Ravago. Sustainable Economic Development / A. Balisacan // *Academic Press*, - 2014. - 532 p.

[7] Акимбекова, Г.У. Приоритетные направления развития агропромышленного комплекса Казахстана / Г.У. Акимбекова, Г.А. Никитина // Проблемы агрорынка. – 2020. - №4. – С. 13-23.

[8] Конуспаев, Р. Қазақстан Республикасының аграрлық секторындағы несиелендіру / Р.Конуспаев, Т. Демесінов, Т. Таипов // Проблемы агрорынка. - 2019. - №3. – С. 92-98.

[9] Utibayeva, G. Prediction Parameters of the Republican Budget for 2016-2018 and their analysis / G. Utibayeva, B. Utibayev, A. Baidakov, S. Saparbayeva, A. Zholmukhanova, R. Zhunusova // *Journal of Advanced Research in Law and Economics*. -2016. - Vol. 4. - N. 18. - P. 945-955.

[10] Закон РК «О республиканском бюджете на 2023-2025 годы» от 1 декабря 2022 года № 279-VI ЗРК. (с приложениями) [Электронный ресурс].- 2022.- URL: <http://www.akorda.kz> (дата обращения 22.12.2022).

[11] Прогноз социально-экономического развития Республики Казахстан на 2021-2025

годы [Электронный ресурс].-2022.-URL: <http://www.akorda.kz> (дата обращения 22.12.2022).

[12] Utibayeva, G. The Issues of Assessment of Financial Investments in Agriculture Development / G. Utibayeva, D. Akhmetova, B. Utibayev, R. Zhunusova, A. Baidakov, B. Tukevova // *Talent Development and Excellences*.-2020. – N.12. - P. 792-799.

[13] Akhmetova, D.T. Forecasting Production Performance / D.T. Akhmetova, G.B. Utibayeva, B.S. Utibayev, R.M. Zhunusova, A. Baidakov, B.I. Tukenova // *European Research Studies Journal*.-2018.-N. 2.-P. 134-146.

[14] Lukhmanova, G. Innovative development of the agricultural sector of the Republic of Kazakhstan / G. Lukhmanova, K. Baisholova, N. Shiganbayeva // *Revista Espacios*. -2019. -Vol. 40. - N. 32. - P. 6-19.

[15] Tokbergenova, A. Sustainable Development Agriculture in the Republic of Kazakhstan / A. Tokbergenova, L. Kiyassova, S. Kairova // *Polish Journal of Environmental Studies*.-2018. - Vol. 27. – N. 5. - P. 1923-1933.

References

[1] Iskakov, U.M. (2018). Problemy budzhetnoi politiki Kasakhstana i puti izh reshenia [Problems of the budget policy of Kazakhstan and ways to solve them]. *Centa1 Asian Economic Review*, 3, 52-60 [in Russian].

[2] Rakhmetova, A. & Kalkabayeva, G. & Kurmanalina, A. & Serikova, G. & Aimurzina, B. (2020). Finansovo-kreditnyi i innovatsionnyi sektor ekonomiki: ochenka makroekonomicheskikh effektov regulirovaniya i vzaimodeistvia sektorov [Financial, credit and innovation sectors of the economy: assessment of macroeconomic effects of regulation and interaction of sectors]. *Problemy predprinimatelstva i ustoichivogo rasvitiya - Problems of Entrepreneurship and Sustainable Development*, 8 (1), 1224-1237 [in Russian].

[3] Sigarev, M.I. & Kantarbayeva, S.M. & Meymankulova, S.S. & Shakhova-Akhmeshova, D.E. (2014). Kreditovanie selskokhosjaistvennogo proisvodstva v Kasakhstane [Lending to agricultural production in Kazakhstan]. *Life Science Journal*, 11 (9), 299-302 [in Russian].

[4] Utibayev, B.S. & Zhussupova, A.K. & Zhunusova, R.M. & Utibayeva, G.B. (2018). Ochenka pokasatelei respublikanskogo budzheta na 2017-2019 gody i finansirovanie gosudarstvennykh program rasvitiya [Assessment of indicators of the republican budget for 2017-2019 and financing of state development programs]. *Central Asian Economic Review*, 4, 102-113 [in Russian].

[5] Kuchukova, N., Kerimbek, G., Saparova, B., Zhussupova, A. (2018). The financial aspects of the third economic modernization in Kazakhstan. *Journal of Social Sciences Research*, 4 (12), 483-490.

[6] Balisacan, A. Ujjayant Chakraborty Majah-Leah Ravago (2014). Sustainable Economic Development. *Academic Press*, 1, 532.

[7] Akimbekova, G.U. & Nikitina, G.A. (2020). Prioritetnye napravleniya rasvitiya agropromyshlennogo kompleksa Kazakhstana [Priority directions for the development of the agro-industrial complex of Kazakhstan]. *Problemy agrorynka – Problems of AgriMarket*, 4, 13-23 [in Russian].

[8] Konuspaev, R. & Demesinov, T. & Taipov, T. (2019). Kazakhstan Respublikasynyn agrarlyk sektoryndagy nesielendiru [Lending in the agrarian sector of the Republic of Kazakhstan]. *Problemy agrorynka – Problems of AgriMarket*, 3, 92-98 [in Kazakh].

[9] Utibayeva, G., Utibayev, B., Baidakov, A., Saparbayeva, S., Zholmukhanova, A., Zhunusova, R. (2016). Prediction Parameters of the Republican Budget for 2016-2018 and their analysis. *Journal of Advanced Research in Law and Economics*, 4 (18), 945-955.

[10] Zakon RK “O recpublikanskom budzhete na 2023-2025 gody” ot 1 dekabrya 2022 goda № 279-VI ZRK (s prilozhenijami) [Law of the Republic of Kazakhstan "On the republican budget for 2023-2025" dated December 1, 2022 No. 279-VI ZRK. (with applica-

tions)] (2022). Available at: <http://www.akorda.kz> (date of access: 22.12.2022) [in Russian].

[11] Prognoz socialno-ekonomisheskogo rasvitiya Respublici Kazakhstan na 2021-2025 gody [Forecast of socio-economic development of the Republic of Kazakhstan for 2021-2025] (2021). Available at: <http://www.akorda.kz> (date of access: 22.12.2022) [in Russian].

[12] Utibayeva, G., Akhmetova, D., Utibayev, B., Zhunusova, R., Baidakov, A., Tukenova, B. (2020). The Issues of Assessment of Financial Investments in Agriculture Development. *Talent Development and Excellences*, 12, 792-799.

[13] Akhmetova, D.T., Utibayeva, G.B., Utibayev, B.S., Zhunusova, R.M., Baidakov, A., Tukenova, B.I. (2018). Forecasting Production Performance. *European Research Studies Journal*, 2, 134-146.

[14] Lukhmanova, G., Baisholova, K., Shiganbayeva, N. (2019). Innovative development of the agricultural sector of the Republic of Kazakhstan. *Revista Espacios*, 40, 32, 6-19.

[15] Tokbergenova, A., Kiyassova, L., Kairova, S. (2018). Sustainable Development Agriculture in the Republic of Kazakhstan. *Polish Journal of Environmental Studies*, 27, 5, 1923-1933.

Автор туралы ақпарат:

Утибаев Бегендік Саутұлы – негізгі автор; экономика ғылымдарының кандидаты; «Есеп және қаржы» кафедрасының профессоры; С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті; 010011 Жеңіс даңғ., 62, Астана қ., Қазақстан; e-mail: ubs_51@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0003-1937-7636>

Information about author:

Utibayev Begendyk Sautovich – The main author; Candidate of Economic Sciences; Professor of the Department of Accounting and Finance; S. Seifullin Kazakh Agro Technical University; 010011 Zhenis Ave., 62, Astana, Kazakhstan; e-mail: ubs_51@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0003-1937-7636>

Информация об авторе:

Утибаев Бегендык Саутович – основной автор; кандидат экономических наук; профессор кафедры «Учет и финансы»; Казахский агротехнический университет им. С. Сейфуллина; 010011 пр. Победы, 62, г. Астана, Казахстан; e-mail: ubs_51@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0003-1937-7636>